


БЕКІТІЛГЕН



Директорлар кеңесінің шешімімен
«Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ

«21» сәуір 2023 жыл
Хаттама № 4

«Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ

Сыйлықтар мен өкілдік шығындар туралы

ЕРЕЖЕ

Алматы

1 Қолданые аясы

1.1 Сыйлықтар және Өкілдік шығыстар туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Almaty» Телерадиокомпаниясы» акционерлік Қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) сыйлықтар беру қағидаларын, шақырулар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерін сипаттау мақсатында әзірленді.

1.2 Ереже қызметкерлердің қандай сыйлықтар мен қызметтерді қабылдауы немесе қабылдамауы мүмкін екендігіне қатысты шекараларды белгілейді, бұл сыйлықтар мен пайданы қабылдау шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ықтималдығын азайтады немесе жояды.

1.3 Ереже мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген қызметкерлерді қоспағанда, уақытша қызметкерлерді, қызмет көрсету немесе жұмыстарды орындау шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғаларды және олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда, Қоғамның барлық қызметкерлеріне қолданылады.

1.4 Ереже кез-келген деңгейдегі Тапсырыс берушілермен немесе жеткізушілермен, мердігерлермен, оның ішінде қызметшілермен, қадағалау органдарының өкілдерімен, іскерлік серіктестермен, агенттермен, консультанттармен, билік, ұйымдастырушылық-өкімдік өкілеттіктері бар кез келген тұлғалармен, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын барлық қызметкерлердің назарына жеткізілуі тиіс және сақталуға міндетті.

1.5 Ереже сыйлықтар мен шақырулардың қалай берілетініне қарамастан - тікелей немесе делдалдар арқылы қолданылуы тиіс.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Қазақстан Республикасының (бұдан әрі-ҚР) Заңы;

- 2015 жылғы 2 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңы;

- ҚР 2015 жылғы 16 қарашадағы «Қайырымдылық туралы» Заңы;

- 2017 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Салық кодексі;

- 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық кодексі;

- 1994 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Азаматтық кодексі;

- ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі ISO 37001-2016.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде пайдаланылатын терминдердің мынадай анықтамалары болады:

Сыйлықтар-қызмет көрсетуді, қарыздарды, несиелік кепілдіктерді, жұмыс ұсыныстарын, шығындар мен қарыздарды төлеуді қоса алғанда, алушыға пайда әкелетін ақшалай көрінісі болуы немесе болмауы мүмкін кез келген заттар немесе құқықтар. Іскерлік ортада «Сыйлық» ұғымы енгізіледі:

- сыйлықтар: құралдар, киім, аксессуарлар, жабдықтар сияқты өнімдер;
- жеке жеңілдіктер, ақшалай сыйақы немесе өтемақының өзге де нысандары;

- аударымдар/қолма-қол ақша, белгіленбеген сыйлықақылар, төлемдер, несиелер немесе сыйлық сертификаттары, сыйлық купондары, жеңілдік сертификаттары, дүкендердің жеңілдік карталары сияқты ақшалай баламалар;

- акциялар, пайлар, бағалы қағаздар: акциялар, облигациялар, қорлар;
- көтермелеу: алғыс белгілері, клубқа мүшелік, Қоғамдық сатып алу, демеушілік, жарнамалық шығындар;

- сақтандыру, оқу ақысы немесе артықшылықты қызмет көрсетудің басқа түрі сияқты ақысыз қызметтер.

Жеңілдіктер-жеке алушыларға берілетін артықшылықтар, қосымша құқықтар.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам - мемлекеттік ұйымда (Қоғамда) басқару функцияларын орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджет пен республиканың Қазақстан Ұлттық қоры қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеуге және іске асыруға жауапты, Ұйымдағы дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам.

Іс-шара - кез-келген Қоғамдық немесе хаттамалық оқиға: фуршет конференция, семинар, маркетинг немесе басқа іс-шара.

Қоғамның іс-шарасы – қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері, іскер серіктестер және/немесе өзге де үшінші тұлғалар үшін Қоғам ұйымдастырған іс-шара.

Үшінші тарап іс-шарасы – мұндай іс-шараға Қоғам қызметкерлері қатысқан жағдайда үшінші тұлғалар ұйымдастыратын іс-шара.

Шақыру – ұсынылған жеке әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетудің, ойын-сауық іс-шараларының, саяхаттардың, тұрудың немесе шақырулардың кез келген нысаны. «Шақыру» ұғымына:

- қонақүйде тұру, ойын-сауық, демалыс ақысын төлеу;

- автокөлікпен, әуе немесе теміржол көлігімен, теңіз круиздерімен жол жүру үшін ақы төлеу;
- спорттық, мәдени немесе Қоғамдық іс-шараларға шақыру.

4 Жалпы ережелер

4.1 Қоғам Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, атап айтқанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР заңын сақтайды. Қоғам сонымен қатар ISO 37001 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттың талаптарын орындайды.

4.2 Қоғам қызметкерлерінің айрықша еңбегі мен жетістіктерін ресми атап өту үшін мадақтау, алғыс хат, сыйлық, мемлекеттік наградалар сияқты көтермелеу нысандарын қолдану ұсынылады.

4.3 Сыйлықтар немесе шақырулар ұсыну кейінгі сыбайлас жемқорлық қатынастар үшін қадам болып табылуы немесе қарастырылуы мүмкін және адам мен Қоғамның беделіне күмән келтіруі мүмкін.

4.4 Сыйлықтарды немесе шақыруларды қабылдау мүдделер қақтығысы мәселесімен тығыз байланысты және Қоғамға да, белгілі бір қызметкерге де айып тағуы мүмкін. Сыйлық беру немесе сыйлықтар, не шақырулар алу фактісі, мысалы, Қоғамның және оның қызметкерлерінің кәсібилігіне қауіп төндіре отырып, неғұрлым қолайлы бағамен, жеткізу немесе сату шарттарымен көрсетілген жеңілдіктер немесе артықшылықты көзқарас, артықшылықтар ала алады деген болжам жасауға әкелуі мүмкін.

4.5 Қоғам өзінің қызметкерлері, тапсырыс берушілері немесе жеткізушілері, кез келген деңгейдегі мердігерлер қабылдаған кез келген іскерлік шешімдердің тек қана әділ бәсекелестік ережелері, қызметтердің өнімділігі мен жоғары сапасы берік тірегі болып табылатын іскерлік мінез-құлықтың тиісті нысандары мен қағидалары негізінде жүзеге асырылуын, сондай-ақ бұл шешімдердің қандай да бір тиісінше белгіленбеуін қамтамасыз етеді. Жеке пайда және мүдделер қақтығысын тудырмайды.

5 Сыйлықтарға, іс-шараларға және шақыруларға қойылатын талаптар

5.1 Сыйлықтар

5.1.1 Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген қызметкерлерге сыйлықтар беруге және қабылдауға қатаң тыйым салынады. Мұндай тұлғалар Қоғамның жоғары басшылығы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті тұлғалар болып табылады. Мемлекеттік

функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бар.

Сыйлықтар келіп түскен жағдайда, адамдар сыйлықты алған (тапқан) күннен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде (адамның хабарынсыз келіп түскен; адам өзінің лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған; жария түрде немесе ресми іс-шаралар кезінде оның лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты берілген (тапсырылған) тапсыруға міндетті. Оларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық бөлімшелеріне немесе жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

Заңсыз іс-қимылдың сипатына қарай сыйлықтар қабылдағаны және алғаны үшін қолданыстағы заңнамада тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Сыйлықтарды қабылдауға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеуді сақтамау, егер онда қылмыстық - жазаланатын іс-әрекет, не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаса, тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

2 АЕК-ке дейін сыйақы алу үшін әкімшілік жауапкершілік туындайды.

Әкімшілік заңнамада сыйлықтар алғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 676, 677, 678-баптары бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделген.

ҚР ӘҚБтК 676-бабы жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы бергені үшін жауапкершілікті көздейді. Жеке тұлға-қызметкер, ПОҚ, студент және Қоғамның кез келген тұтынушысы бола алады. 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

ҚР ӘҚБтК 677-бабы-Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның, не оған теңестірілген адамның (Басқарма мүшелері, мемлекеттік сатып алу жөніндегі бөлімдердің, бухгалтерияның, жоспарлау-экономикалық бөлімнің басшылары) заңсыз материалдық сыйақы алғаны үшін жауаптылық. 600 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

ҚР ӘҚБтК 678-бабы заңды тұлғаларға (тұтынушылар, компаниялар/ұйымдар, жеткізушілер/контрагенттер) заңсыз материалдық сыйақы бергені үшін салынатын айыппұл құны 750 АЕК. Заңсыздық қайталанған жағдайдағы салынатын айыппұл көлемі 1 500 АЕК.

Қатаң жаза – сомасы 2 АЕК-тен асатын сыйақылар үшін пара ретінде бағаланатын қылмыстық жауапкершілік.

Кейбір елдердің, соның ішінде Қазақстандағы мәдениеттердің іскерлік қатынастарының ережелеріне символдық сыйлықтар мен шақырулар алмасу кіреді. Сыйлықтар мен шақырулар іскерлік қатынастарды нығайтудың жалпы қабылданған тәсілі, заңды іскерлік тәжірибе болып табылады. Қоғам сыйлықтар мен шақырулардың келесі санаттарына рұқсат береді:

1) ең төменгі құнды жарнамалық өнімдер, мысалы, имидждік өнімдер (қаламдар, күнтізбелер, күнделіктер, бейсбол қалпақшалары, футболкалар, салпыншақтар және Қоғамның логотипі бар өзге де символдық сыйлықтар);

2) Кәсіби мерекелерге байланысты және өзге де ұқсас жағдайларда қызмет қорытындылары бойынша қызметкерлерге берілетін сыйлықтар мен сыйақылар;

3) дәстүрлерге байланысты сыйлықтар, мысалы, 8 наурызға, 22 наурызға, кәсіптік мерекелерге, туған күндерге екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға беру.

5.1.2 Барлық сыйлықтар мен іс-шаралар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес болуы тиіс.

5.1.3 Қоғамда анонимді адамдардан сыйлықтар алуға тыйым салынады.

5.1.4 Қызметкер байқаусызда Ереже ережелеріне қайшы келетін сыйлықты қабылдаған жағдайда, ол сыйлықты тікелей басшы мен комплаенс-менеджерге хабарлау арқылы қайтаруы керек.

5.1.5 Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өзі дайындаған және/немесе қабылдаған шешімдеріне ықпал етуге немесе оның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ықпал етуге қабілетті тікелей және жанама түрде сыйлықтар, немесе өзге де сыйақылар ұсынылатын Қоғамның қызметкері сыйлықтан/көтермелеуден бас тартуы және бұл туралы тікелей басшыға және комплаенс-менеджерге хабарлауы тиіс.

5.2 Қайырымдылық және басқа да жеңілдіктер

5.2.1 Қоғамға заңды ақшалай қайырымдылық жасағысы келетін кез келген сыртқы тарап мұны Қоғамның шаруашылық қызметіне қойылатын нормативтік құқықтық талаптарға сәйкес жасай алады.

5.2.2 Жеке тұлғалар ретінде Қоғам қызметкерлері арқылы қайырымдылық жасауға тыйым салынады.

5.3 Іс-шараларға қойылатын талаптар

5.3.1 Іс-шаралар әрқашан олар өткізілетін адамдармен қарым-қатынас сипатына сәйкес болуы керек. Іскерлік сыпайылықтан немесе қалыптасқан тәжірибеден асып кетпеуі керек және олардың орындылығына күмән туғызатындай жиі немесе шамадан тыс болмауы керек.

5.3.2 Қоғам іс-шараларын өткізу және Қоғам қызметкерлерінің жоғарыда көрсетілген ережелерге сәйкес келмейтін бөгде іс-шараларға қатысуы Қоғам басшылығымен алдын ала келісілуі тиіс.

5.3.3 қызметкерлердің мемлекеттік лауазымды тұлғалар ұйымдастырған іс-шараларға қатысуы, мүмкін, алайда басшылықпен алдын ала келісілуі тиіс және қалыптасқан практика, әлеуметтік әріптестік қатынастары мен іскерлік сыпайылық шеңберінен шықпауы тиіс.

6 Заңнаманы сақтау және жауапкершілік

6.1 Қоғамның беделі заңнаманы, нормативтік-құқықтық актілерді және корпоративтік талаптарды сақтауға негізделген.

Қазақстанда, көптеген елдердегідей, лауазымды адамдарға және оларға теңестірілген адамдарға тікелей де, делдалдар арқылы да, сыйға тартуға немесе қандай да бір сыйлықтар, немесе шақырулар алуға тыйым салатын немесе шектейтін заңдар қолданылады. Бұл әрекеттер қылмыс ретінде қарастырылуы және Қоғам үшін ғана емес, белгілі бір қызметкер үшін де жауапкершілікке тартылуға әкеп соғуы мүмкін.

6.2 Осы Ереженің қағидаттары сақталмаған жағдайда қызметкерлер атқаратын лауазымынан босатуды қоса алғанда, тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, кейбір жағдайларда мұндай заң бұзушылықтар құқық қорғау органдары мен қадағалау органдарының қызметкерді қылмыстық қудалауына әкеледі.

7 Қорытынды ережелер

Ереже Қоғамның жалпы даму стратегиясының бөлігі болып табылады. Қоғам қызметкерлері өз қызметінде және шешім қабылдау кезінде осы құжаттың ережелерін басшылыққа алуы тиіс.